

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 тамыздағы N 1202 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 қарашадағы N 1837 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 тамыздағы N 1036 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.08.09 № 1036 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Инновациялық гранттар беру және зияткерлік меншік объектілерін енгізу бойынша қабылдаған шаралар туралы есептер беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 тамыздағы N 1202 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., N 35, 338-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Инновациялық гранттар беру және зияткерлік меншік объектілерін енгізу бойынша қабылдаған шаралар туралы есептер беру ережесінде:

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Инновациялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындауға арналған инновациялық грантты игеру мерзімі нақты инновациялық жобаның ерекшеліктеріне сәйкес, бірақ 6 (алты) айдан аспайтын мерзімде а й қ ы н д а л а д ы . "

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*